

Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының "Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің ақысы мәuletпен төленетін тұрғын үйді сатуы туралы ережелерді бекіту жөніндегі" 1999 жылғы 7 қазандығы N 328 қаулысына өзгерістер енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2005 жылғы 25 мамырдағы N 63 Қаулысы. Қазақстан Республикасының Әдіlet министрлігінде 2005 жылғы 6 шілдеде тіркелді. Тіркеу N 3718. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Ұлттық Банк Басқармасының 2011 жылғы 30 мамырдағы N 57 Қаулысымен

Күші жойылды - ҚР Ұлттық Банк Басқармасының 2011.05.30 N 57 Қаулысымен.

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банктің нормативтік құқықтық актілерін Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес келтіру мақсатында, Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Басқармасы **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ** :

1. Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының "Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің ақысы мәuletпен төленетін тұрғын үйді сатуы туралы ережелерді бекіту жөніндегі" 1999 жылғы 7 қазандығы N 328 қаулысына (Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 1022 тіркелген) Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының 2000 жылғы 20 желтоқсандағы N 465 (Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 1373 тіркелген), 2001 жылғы 14 маусымдағы N 232 (Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 1598 тіркелген) қаулыларымен енгізілген өзгерістермен және толықтырулармен бірге мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің ақысы мәuletпен төленетін тұрғын үйді сату ережелерінде:

1-тармақта, сондай-ақ NN 1, 2, 3-қосымшаларда "Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы" Заң күші бар Жарлығына", "Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы" Заң күші бар Жарлығы" деген сөздер тиісінше "Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы" Қазақстан

Республикасының Заңына ", "Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы " Қазақстан Республикасының Заңы " деген сөздермен ауыстырылсын;

Ереженің бүкіл мәтіні бойынша "әкімшілік қызметі бөлімшесі", "әкімшілік қызметі бөлімшесінің" деген сөздер тиісінше "шаруашылық бөлімшесі", " шаруашылық бөлімшесінің" деген сөздермен ауыстырылсын;

N 5 - қ о с ы м ш а д а :

бүкіл мәтін бойынша "Монетарлық емес қызмет бойынша құрылған провизиялардың күшін жою", "Откен жылдардың кірістері", "Жерге салық бойынша шығыстар", "Ұлттық Банктің ақысын мәuletпен төлеуге берілген негізгі құрал-жабдықтар мен материалдық емес активтер бойынша мерзімі өтіп кеткен талаптары", "Откен жылдардың шығыстары" деген сөздер тиісінше " Монетарлық емес қызмет бойынша бұрын құрылған провизияларды жою", " Монетарлық емес қызмет бойынша өткен жылдардың кірістері", "Жер салығы бойынша шығыстар", "Ұлттық Банктің ақысын мәuletпен төлеуге берілген негізгі құрал-жабдықтар мен материалдық емес активтері бойынша мерзімі өткен талаптары", "Монетарлық емес қызмет бойынша өткен жылдардың шығыстары" деген сөздермен ауыстырылсын;

1-тармақта "және Ұлттық Банктің филиалдарында N 9 289 10 "Ақысы мәuletпен төленетін негізгі құрал-жабдықтар" деген сөздер мен сандар алынып тасталсын ;

3-тармақтың сегізінші, тоғызыншы, оныншы, он бірінші, он екінші, он тоғызыншы, жиырмасыншы, жиырма бірінші, жиырма екінші, жиырма үшінші абзацтары алынып тасталсын ;

4 - т а р м а қ т а :

он бірінші, он екінші, он үшінші абзацтар алынып тасталсын; он төртінші абзацта "және 9 289 10" деген жалғау мен сандар алынып тасталсын ;

6-тармақтың төртінші, бесінші абзацтары алынып тасталсын;

9-тармақтың төртінші, бесінші абзацтары алынып тасталсын;

11-тармақтың он бірінші, он екінші абзацтары алынып тасталсын;

1 4 - т а р м а қ т а :

төртінші абзац мынадай редакцияда жазылсын:
"және бір мезгілде мынадай бухгалтерлік жазба жасалады";
бесінші абзац алғынып тасталсын.

2. Осы қаулы Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелген күннен бастап он төрт күн өткеннен кейін қолданысқа енеді.

3. Бухгалтерлік есеп департаменті (Шалғымбаева Н.Т.):

1) Заң департаментімен (Шәріпов С.Б.) бірлесіп осы қаулыны Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткізу шараларын қабылдасты;

2) Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелген күннен бастап он күндік мерзімде осы қаулыны Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі орталық аппаратының мұдделі бөлімшелеріне және аумақтық филиалдарына жіберсін.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Төрағасының орынбасары Б.Ш.Тәжіяқовқа жүктелсін.

Ұ л т т ы қ Б а н к

Төрағасы

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК